

Жылдық жоспардың структуралық моделі

1. Ұйымдастыру жұмыс

- 1.1 Кіріспе
- 1.2 2023-2024 оқу жылының жұмысын талдау
- 1.3 2024-2025 оқу жылының міндеттері
- 1.4 Бөбекжай бала-бақшаның күн тәртібі
- 1.5 Базистік оқу жоспары (ұйымдастырылған оқу-қызметінің кестесі)

2 . Мамандармен жұмыс

- 2.1 Бір жылға арналған іс-шаралар кестесі
- 2.2 Педагогтардың іскерлік дағдысын көтеру
- 2.3 Құқықтық біліктілікті арттыру
- 2.4 Семинарлар
- 2.5 Педагогтар үшін кеңестер
- 2.6 Озық педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау, ендіру.
- 2.7 Педагогтардың өз білімдерін көтеру жоспары
- 2.8 Педагогикалық кеңестер
- 2.9 Меңгеруші жанындағы кеңестер
- 2.10 Өндірістік кеңестер
- 2.11 Әдістемелік кабинетінің жұмысы
- 2.12 Дәрігерлік қызмет
- 2.13 Қауіпсіздік мектебі
- 2.14 Шығармашылық жұмыс.
- 2.15 Жас мамандармен жұмыс жоспары
- 2.16 Ашық ұйымдастырылған оқу

3. Балалармен жұмыс

- 3.1 Ертеңгіліктер
- 3.2 Серуендер
- 3.3 Жазғы сауықтыру шаралары

4. Оқу-тәрбие жұмысын бақылау мен басқару

5. Ата-аналармен жұмыс

- 5.1 Жалпы ата-аналар жиналысы
- 5.2 Топтар жиналысы
- 5.3 Ата-аналар консультациясы
- 5.4 Ашық есік күндер
- 5.6. Шаруашылық - әкімшілік жұмыс

7. Бөбекжай-бақшаның мектеппен байланыс жоспары

1.1.Кіріспе

«Тәттім» бөбекжай-бақшасы Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Құркелес ауылдық округі, Береке елді мекені, Қансонар көшесі №3 үйде орналасқан.

ЖШС «Тәттім» бөбекжай-бақшасында төмендегідей құрылтайшылық құжаттар бар:

- Түркістан облысы әділет Департаментінің Сарыағаш ауданының әділет басқармасының заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өткізгені туралы 2024 жылғы 20 желтоқсанда берілген куәлігі №-23003791 ЖШС, БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі) -150140025404, алғашқы жарғы 2015жыл 29 қаңтарда берілген;

- Түркістан облысының Денсаулық сақтау басқармасының медициналық қызметпен айналысуға 2023 жылғы 08 ақпанда рұқсат берген сериясы №23003791 медициналық қызметке арналған мемлекеттік лицензиясы

- Түркістан облысы әділет Департаментінің Сарыағаш ауданының әділет басқармасында «Тәттім» бөбекжай-бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысы 2024 жылғы 20 желтоқсанда бекітілген.

Аумағы түгел қоршалған, көгалдандырылған, абаттандырылған. Су жүйесі, кәріздеу жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі орталықтырылған. Желдету жүйесі талапқа сай. Ғимаратта: әдістемелік кабинеті, акт залы, медициналық кабинеті, есеп-қысап бөлмесі, психолог және логопед бөлмелері бар. Ерте жас «Балдәурен» кіші тобы, «Балбөбек» ортаңғы, «Балдырған» ересек топтары бар. Барлық топтарда жатын бөлмелері, ойын-сабақ бөлмелері, әжетхана-жуыну бөлмелері және тамақтандыру бұрыштары бар.

Сонымен қатар ғимаратта менгеруші кабинеті, музыка залы, әдіскер кабинеті, педагог-психолог кабинеттері орналасқан.

Бөбекжай-бақшаның ауласындағы бөлек ғимаратта ас блогы мен кір жуу бөлмесі, көкөністер мен жемістерді сақтайтын қойма орналасқан.

Топтар қажетті жабдықтармен, көрнекі оқу құралдарымен жабдықталған. Санитарлық-гигиеналық талаптарына сай мекемеде ылғалды жинау жұмыстары залалсыздандыру заттарын қолдана отырып, күнделікті жүргізіледі.

Жұмыс тәртібі - 5 күндік.

Ұзақтығы - 10,30 сағат.

Тамақтандыру - үш реттік.

Топтардың саны -3 оларда 57 бала бар.

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының 2016 жылғы 17 тамыздағы №7-2-150 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысына сәйкес ЖШС «Тәттім» бөбекжай-бақшасының жалпы санитарлық-гигиеналық және материалдық-техникалық жағдайы талапқа сай. Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының 17 тамыздағы №7-2-150 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысына сәйкес ЖШС «Тәттім» бөбекжай-бақшасының

жалпы санитарлық-гигиеналық және материалдық-техникалық жағдайы талапқа сай.

Істер номенклатурасы. ЖШС «Тәттім» бөбекжай бала-бақшасының меңгерушісі А.Торехан тарапынан бекітілген. Істер номенклатурасы 9 құрылымдық бөлімше индекстерінен тұрады. Істер номенклатурасы бойынша іс папкілері арналып, папкілерде номенклатуралық нөмірлер белгіленген.

Педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі мен лауазымдық нұсқаулары. Бөбекжай-бақшаның штаттық кестесі ЖШС «Тәттім» бөбекжай бала-бақшасының меңгерушісі А.Тореханға бекітілген.

Меңгеруші -1 шт. бірлік, әдіскер -1 шт. бірлік, тәрбиешілер -5 шт. бірлік. Жалпы штат кестесі 18 штат бірлігін құрайды, оның ішінде 12 штат бірлігі педагог қызметкерлер, 6 штат бірлігі қосалқы кіші қызметкерлер.

Барлық педагогтар мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен қауіпсіздік техникасы жөнінде лауазымдық нұсқаулықтары бар, барлығы таныстырылып, қолдары қойылған.

Кадрлар құрамына талдау

Бөбекжай-бақшаның қызметкерлерінің саны -18 адам, оның ішінде педагог қызметкерлер 12. Штаттық кесте бойынша 8 штат бірлік тәрбиеші, тәрбиешілердің барлығына 1,0 жүктеме бөлініп берілген.

**ЖШС «Тәттім» бөбекжай-балабақшасында 2024-2025 оқу жылында
6 педагог қызмет атқарады.**

Жалпы педагог саны	Білімі		Бітірген оқу орнының түрі				Оқу түрі				Жекеменшік оқу орындарын бітіргендер				Маман емес
	Жоғары	Орта арнаулы	мемлекеттік		жекеменшік		күндізгі		сырттай		Күндізгі оқу түрі		Сырттай оқу түрі		
			жоғары	Орта арнаулы	жоғары	Орта арнаулы	жоғары	Орта арнаулы	жоғары	Орта арнаулы	жоғары	Орта арнаулы	жоғары	Орта арнаулы	
6	3	3	2	2	0	1	4	0	2	0	0	4	0	2	-

ЖШС «Тәттім» бөбекжай-балабақшасы педагог кадрлардың штаттық жүктемесі

№	Жылдары	Педагогтар саны	Жоғары санатты	%	Бірінші санатты	%	Екінші санатты	%
1	2024-2025	6	3	50%	0	0		

ЖШС «Тәттім» бөбекжай-балабақшасы педагогтарының еңбек өтілі

№	Жыл-дары	0-5 жыл		5-10 жыл		10-15 жыл		15-20 жыл		20 жылдан жоғары
1	2024-2025	4	80%	2	20%					

Тәрбиеленушілердің контингенті. Тәрбиеленушілердің контингентінің сандық құрамы санитарлық нормаға сәйкес келеді. Ата-аналармен келісім-шарт түзілген. Мазмұны талапқа сай.

**ЖШС «Тәттім» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 оқу жылындағы
тәрбиеленушілерінің санының құрылымы**

Контингент құрылымы	Ерте жас «Балдәурен» тобы	Ортаңғы «Балбөбек» тобы	Ересек «Балдырған» тобы
Тәрбиеленушілер саны	17	20	20

Бөбекжай-бақшаның Жарғысына сәйкес Сарыағаш аудандық білім бөлімінің жолдамасымен кезекке тұру тәртібі бойынша ата-ананың өтініші, баланың туу туралы куәлігі, медициналық карта (*медициналық комиссияның қорытындысы*), т.б. құжаттардың негізінде қабылданады. Ұлттық құрамы бойынша бөбекжай-бақшада барлығы қазақ балалар тәрбиеленеді. Басқа ұлт өкілдерінен жоқ. Отбасы құрамына қарай: толық отбасыдан шыққан бала саны – 57, толық емес отбасыдан шыққан әлеуметтік жағдайы төмен – 2 отбасы бар.

2024 -2025 оқу жылында топтар төмендегідей реттелген:

«Балдәурен» кіші тобы, «Балбөбек» ортаңғы, «Балдырған» ересек топтары

Бөбекжай-бақша бойынша 2024-2025 оқу жылында –57 бала бар.

Жұмыс істеу тәртібі: 8.00-ден – 18.30-ға дейін.

2024-2025 оқу жылында бөбекжай-бақшада төрт (4) ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өткізілді:

1. **«Коммуникация»** білім беру саласы бойынша I-ортаңғы «Балапан» тобында **«Төлдерін тани біл»** атты ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті өткізілді. Тәрбиеші оқу іс-әрекеті барысында балаларға үй жануарларын таныстырып, олардың төлдерін атауды, қалай дыбыстайтындығы жайында үйретті.

2. **«Таным»** білім беру саласы бойынша «Балдаурен» тобында **«Математика әлеміне саяхат»** атты ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті өткізілді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында тәрбиеші балаларға геометриялық фигуралар: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбермен таныстырды. Сонымен қатар балаларға геометриялық фигуралардың бұрыштарын, карточкалардағы суреттерді 10-ға дейін үш тілде санауды үйретті. Қырқылған карточкалардан төрт түліктердің суреттерін құрастырып, олардың аттарын атап айтып берді.

3. **«Денсаулық»** білім беру саласы бойынша дене шынықтыру жетекшісі топтарда **«Алақай, қыс келді!»** атты қысқы эстафеталық ойындар сайысын өткізді. Сайыс барысында балалардың шапшаңдығы, тапқырлығы, жылдам екендіктері айқын көрінді.

4. «Коммуникация» білім беру саласы бойынша мектеп алды даярлық «Көгершін» тобында «Ертегілер қиялдан сыр шертеді» атты ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті өткізілді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналастырды және ертегідегі кейіпкерлердің атын үш тілде атап айтып шығып, төлдерін көрсетті. Тәрбиеші «Шығармашылық» білім саласын үйлестіре отырып балаларға үй хайуанаттарының бейнелерін ермексаздан жасатты. Дайын болған мүсіндердің атын атап, түстері мен төлдерін балалар айтып берді.

1.3 2024-2025 оқу жылының міндеттері:

- Баланың ой-өрісін жаңашыл бағытта дамытып, жаңа технологиялармен жұмыс жасай алатын, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

- Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Негізгі міндеттері :

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік құндылық бағдарын адамның оң мінез – құлқы, нормасын, тәртіптік ережесі, қоғамда қалыптасқан халық салт – дәстүр үлгісінде қалыптастыру.

Білім салалары: «Коммуникация», «Әлеуметтік орта».

2. Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, ұлттық салт – дәстүр негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Білім салалары: «Денсаулық», «Таным».

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ісін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке тұлғалық қабілеттерін ескере отырып, жаңашыл әдіс-тәсілдерді ендіру арқылы жетілдіру.

1. «Денсаулық» саласы:

а) Балаларды жаттығуларды өздігінен дұрыс орындауға, ойынға ықыласпен көңілді қатысуға, денені тік ұстауға, сәнді жүруге, затты алысқа аспандата лақтырып, қағып алуға, жүру, жүгіру, еңбектеу, өрмелеуге, тепе-теңдік сақтауға, кеуде, аяқ-қол бұлшық еттерін жетілдіруге, екі-екіден төртеуден тұрып сап түзеп жүруге үйрету.

2 . «Таным» білім саласы

- а) Балаларды, қоршаған ортаны, табиғат әлемінің құбылысын зерттеуге үйрету, логикалық – математикалық ойлауын дамыту, кеңістік, пішін, өлшем, уақыт туралы негізгі түсініктері жөнінде білімін жіктеу және реттеу іскерліктері мен дағдылары арқылы негізгі математикалық қабілеттерін дамыту.
- б) Кеңестік қатынасын (жоғары, төмен, оң, сол, алға, артқа, 5-ке дейін санау, теңдік, теңсіздік, көп, аз, салыстырмалы, бөлік, тұтас, жартысы, төрттен бірі) белгілеу іскерлігін қалыптастыру.
- в) Геометриялық қатынас: (төртбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш, пішіндерді ажыратып, атауға, геометриялық денелер куб, цилиндр, шар) көріп ұстап сезу арқылы ажырату
- г) Уақытты бағдарлау: (тәулік бөліктері, күндіз, түн, таңертең, кеш) кеше, бүгін, ертең сөздерін дұрыс пайдалануға, (тез-жай) сөзінің мағынасын түсіну.
- 3) өлшем бірлігін ажырату (ұзындық, ені, биік, аласа, жуан-жіңішке) беттестіру, салыстыру, екі затты үшінші заттың ұзындығымен салыстыра отырып өсу, кему ретімен орналастыруға іскерлігін қалыптастыру

3. «Коммуникация» білім беру саласы:

- Балаларды сауаттылық негіздерін меңгеруге дайындау.
- Балаларды қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар үлгісінде қалыптастыру.

4. «Шығармашылық» білім беру саласы:

- Баланың бейнелеу, көркем тілдік, музыкалық іс-әрекетінде эстетикалық сезімдерін, шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыз ету.

5. «Әлеуметтік» білім беру саласы:

- Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтар мен патриоттық сезімді қалыптастыру.

1.4 Балабақшаның күн тәртібі

Күн тәртібінің элементтері	«Балдәурен» тобы	«Балбөбек» тобы	«Балдырған» тобы
Балаларды қабылдау, тексеру, ойындар, таңертеңгі жаттығулар.	08.00 – 09.10	08.00 – 09.10	08.00 – 09.10
Таңғы ас	09.15 – 09.45	09.10-09.40	09.10-09.40
Ойындар. Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	09.45-10.00	09.40-10.00	09.40-10.00
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда)	10.00 -11.00	10.00-10.40	10.00-10.40
Серуенге дайындық	11.00-11.10	10.40-11.00	10.40-11.00
Серуен, табиғатпен таныстыру, еңбек, ойындар	1.10-12.00	11.00-11.50	11.00-11.50
Серуеннен оралу. Гигиеналық және шынықтыру шаралары	12.00-12.10	11.50-12.00	11.50-12.00
Түскі ас	12.10-13-10	12.05-13.05	12.05-13.05
Күндізгі ұйқыға жатқызу, ұйқы	13.10-15.25	13.05-15.20	13.05-15.20
Ұйқыдан ояну, шынықтыру шаралары	15.25-15.55	15.20-15.50	15.20-15.50
Бесін ас	15.55-16.10	15.50-16.05	15.50-16.05
Вариативтік компонент. Сюжеттік – рөлдік ойындар, шығармашылық және дидактикалық ойындар	16.10-16.50	16.05-16.40	16.05-16.40
Серуенге дайындық	16.50 – 17.00	16.40-16.50	16.40-16.50
Серуен, қимылды ойындар.	17.00 – 18.00	16.50 – 18.00	16.50 – 18.00
Балалармен, ата-аналармен қарым – қатынас. Балалардың үйге қайтуы	18.00 – 19.20	18.00-19.20	18.00-18:30

2.3. Құқықтық біліктілікті көтеру

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	ҚР Президентінің 2022 жылғы Қазақстан халқына жолдауын талқылау	Жыл басында	Меңгеруші
2	Мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты құжаттарды оқу	Айына 1 рет	Тәрбиеші
3	Құқықтық тәрбие туралы құжаттармен жұмыс жүргізу жолдарын үйрету, күндерін өткізу	Тоқсанда 1 рет	Меңгеруші
4	Қазақстан Республикасының Конституциясымен толық танысу	IX	Меңгеруші
5	«Білім туралы Заңы	X	Меңгеруші
6	«Тіл туралы» Заңы	XI	Меңгеруші
7	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңы	XII	Меңгеруші
8	«Жергілікті басқару органдары» Заңы	I	Меңгеруші
9	«Қ.Р Еңбек кодексі»	II	Меңгеруші
10	«Балалардың негізгі құқықтары туралы» Заңы	III	Меңгеруші
11	«Зейнеткерлік туралы» Заң	IV	Меңгеруші

12	«Азаматтық кодекс»	V	Меңгеруші
----	--------------------	---	-----------

2.5 Семинарлар

№	Жұмыс мазмұны	Лекция	Практика	Мерзімі	Жауапты
1	«Экологиялық тәрбие- рухани адамгершілікке тәрбиелеу жолы»	1	1	IX	Меңгеруші
2	«Табиғатты қорғайық»	1	1	X	Тәрбиеші
3	Су, күн, ауа-біздің достарымыз	1	1	XI	Тәрбиеші
4	Өсімдіктер әлемі	1	1	XII	Тәрбиеші
5	Сумен ойындар	1	1	1	Дене шынықтыру мұғалімі
6	Табиғат құбылыстарын бақылауға, табиғатқа Қызығушылық білдіруге тәрбиелеу	1	1	I	Сазгер
7	Менің елім-Қазақстан	1	1	II	
8	Балаларды қоршаған ортамен таныстыру арқылы тілін дамыту	1	1	III	Тәрбиеші

2.6 Педагогтар үшін кеңестер

р/с	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру жаңа стандартының негізгі ережелерін меңгеру	IX	Меңгеруші
2	Үлгілік оқу бағдарламаны күн тәртібін негізге ала отырып ұйымдастырылған оқу қызметін кіріктірілген түрде, балалардың тіршілік әрекеттерін ұйымдастыру	IX	Меңгеруші
3	Құрдастарымен, ересектермен жағымды қатынас жасауға қабілетті, белсенді бала тұлғасын қалыптастыру	X	Меңгеруші
4	Еңбекке жағымды қарым-қатынас және еңбек ету ниетін тәрбиелеу	XII	Меңгеруші
5	Желілі рөлдік ойындарда табиғи заттарды пайдалану	I	Меңгеруші
6	Ұлттық, халықтық педагогиканы негізге ала отырып мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру	II	Меңгеруші
7	Танымдық ойындарға арналған құралдар, көрнекіліктер сапасы, саны	III	Меңгеруші

2.6. Озық педагогикалық тәжірибені анықтау, ендіру.

№/с	Аты, жөні	Тақырыбы	Тарату түрі	Мерзімі	Жауапты
1	ЖШС «Тәттім» б/б	Тіл дамыту II кіші топ	Тәжірибемен танысу ҰОҚ-не ендіру	Жыл бойы	Меңгеруші
2		Қоршаған ортамен таныстыру	ҰОҚ-не ендіру	Жыл бойы	Меңгеруші
3		Математика II кіші топ	ҰОҚ-не ендіру	Жыл бойы	Меңгеруші
4		Математика Ортаңғы топ	ҰОҚ-не ендіру	Жыл бойы	Меңгеруші
5		Сенсорлық тәрбие кіші топ	ҰОҚ- не ендіру	Жыл бойы	Меңгеруші

2.8 Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Оқу тәрбие үдерісінің сапасын жақсарту.

р/с	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1-кеңес 1. а)Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына өзгерістер мен	VIII	Меңгеруші

	<p>толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарт талаптары және ережелерімен таныстыру.</p> <p>ә) "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 шілдеде № 14009 болып тіркелді. Ондағы 1-ші қосымша 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстыру.</p> <p>б) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру</p> <p>в) ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасымен таныстыру.</p> <p>г) ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарымен таныстыру.</p> <p>2. Балабақшаның жылдық жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.</p> <p>3. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім берудің проблемалары мен жолдары. (Баяндама)</p> <p>4. «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі» (пікір алмасу)</p> <p>5. Әлеумет саласына қажетті әдебиеттер көрмесі</p> <p>6. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту</p>		пед ұжым
2	<p>2-кеңес</p> <p>1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.</p> <p>2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері мен жоспар құрылымы. Баяндама</p> <p>3. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап) Ата-аналармен жұмыс түрлері</p>	X	<p>Меңгеруші</p> <p>Тәрбиеші</p> <p>Пед ұжым</p> <p>Меңгеруші</p>

	4.Ашық сабақтарды талқылау		
3	<p style="text-align: center;">3-кеңес</p> <p>1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2..Мектеп жасына дейінгі балаларды ақпараттық мәдениет туралы қарапайым түсінік, білім беру. баяндама</p> <p>3.Балаларды ақпараттық мәдениеттің элементтеріне тәрбиелеу. Викториналық сұрақтар</p> <p>4.Зерттеу-іздістіруәрекеттеріне арналған ойындар жинағы. Көрме</p> <p>5. Ашық сабақтарды талқылау</p>	XII	<p>Меңгеруші</p> <p>Меңгеруші</p>

	<p style="text-align: center;">4-кеңес</p> <p>1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2.Қоршаған ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарайтын, қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру. Баяндама</p> <p>3.«Табиғат – біздің анамыз!» атты тақырыбына жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі</p> <p>4 .Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін талқылау</p>	III	<p>Меңгеруші</p> <p>Тәрбиеші</p> <p>Меңгеруші</p>
5	<p style="text-align: center;">5-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.</p> <p>2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі</p> <p>3.Қорытынды мониторинг.</p> <p>4.Жазғы маусымға арналған іс шаралар жоспарын бекіту.</p>	V	<p>Меңгеруші</p> <p>Пед ұжым</p> <p>Меңгеруші</p>

2.9 Меңгеруші жанындағы кеңестер

р/с	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<p style="text-align: center;">1-кеңес</p> <p>1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.Шолу тексерудің қорытындысы.</p>	IX	<p>Меңгеруші</p>

	<p>2.Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.</p> <p>3.Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде.</p> <p>4. «Алтын күз»мерекесі бағдарламасын бекіту.</p>		
2	<p style="text-align: center;">2-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> <p>2.«Алтын күз» мерекесін,Тіл апталығын талқылау.</p> <p>3.Математикалық ұғымдар. Заттардың санын, ретін , көлемін, пішінін ажырата білуге үйрету, жоспарлау. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы Ортаңғы және II-кіші топ</p> <p>4.Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту</p>	XI	Меңгеруші
3	<p style="text-align: center;">3-кеңес</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> <p>2.Тәуелсіздік күні,жаңа жыл мерекелерін талқылау</p> <p>3..Жарты жылдық мониторинг.</p> <p>4. Табиғаттағы серуен тақырыбының жыл мезгілдері құбылыстарымен байланысы және жас ерекшелігіне сай жабдықталуы, жоспарлануы. Тақырыпты тексеру қорытындысы</p>	I	Меңгеруші
4	<p style="text-align: center;">4-кеңес</p> <p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> <p>2.Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламасын бекіту.</p> <p>3.Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан Және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы. Тақырыпты тексеру қорытындысы</p>	III	Меңгеруші
	5-кеңес		

5	<p>1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> <p>2.Сегізінші наурыз,Наурыз мерекесін талқылау.</p> <p>3Балалардың өзі және отбасы туралы білімдерін жетілдіру жұмыстарын жоспарлау.Салыстырмалы тексеру.Ортаңғы,II-кіші топ.</p> <p>4.Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту</p>	V	Меңгеруші
6	<p style="text-align: center;">6-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде</p> <p>3Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық.</p> <p>4.Жөндеу жұмыстары жөнінде.</p>	VIII	<p>Меңгеруші Тәрбиешілер</p> <p>Шаруашылық меңгерушісі</p>

2.10 Өндірістік кеңестер

p/c	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<p style="text-align: center;">1-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2.Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау,балалар тізімін анықтау</p> <p>4.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау,қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу.Ішкі еңбек тәртібі.Лауазымдық міндеттерін атқару жөнінде.</p>	VIII	Меңгеруші Тәрбиешілер
2	<p style="text-align: center;">2-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2..Жылу мәселесі</p> <p>3 .Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесін сақтау.</p> <p>4.Қысқы маусымдағы қар,мұздан балаларды сақтау.</p>	XII	Меңгеруші Тәрбиешілер
3	<p style="text-align: center;">3-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2.Балаларды еңбекке баулу жұмыстарын жоспарлау.</p> <p>2. «Әже ертегі айтып берші»Халықтық педагогикаға тәрбиелеу.Ата-аналарға арналған жылжымалы папка шығару.</p>	III	Меңгеруші Тәрбиешілер
4	<p style="text-align: center;">4-кеңес</p> <p>1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2.Жазғы сауықтыру шараларын бекіту</p> <p>3.Медициналық кеңестер</p> <p>4.Жазғы жөндеу жұмыстары жөнінде.</p>	V	Меңгеруші Тәрбиешілер Шаруашылық меңгерушісі

2.11 Әдістемелік кабинеттің жұмысы

р/с	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Кабинетті әдістемелік құралдармен, оқулықтармен жабдықтау.	VIII	Менгеруші
2	Кабинетті дидактикалық материалдармен толықтыру.	үнемі	
3	Жылдық жоспар, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін түзу.	IX	
4	Балабақша ғимаратындағы қабырға газеттерін шығару.	үнемі	
5	Мемлекеттік стандарт талап-ережелеріне сай оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуын бақылау, реттеу, кеңес беру.	үнемі	
6	Жас мамандарға оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруда көмек беру.	үнемі	
7	Өртүрлі тақырыпта ұзақ және қысқа мерзімді жобалар жасап өткізу жөнінде кеңес беру.	үнемі	
8	Көптілділікке тәрбиелеуде әдіс-тәсілдер ұсыну.	үнемі	
9	Ата-аналармен жұмыс түрлерін ұсыну.	үнемі	

2.12 Дәрігерлік қызмет

Мақсаты: Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, жеке гигиена дағдыларын меңгерту, өз денсаулығына саналы көзқараспен қарауға тәрбиелеу.

p/c	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Балаларды қабылдау, жұқпалы аурулардың алдын алу үшін таңертенгілік сүзгіден өткізу.	үнемі	Медбике Тәрбиешілер
2	Балабақша қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуін қадағалау.	үнемі	
3	Асхана қызметкерлерінің денсаулығын қадағалау.	үнемі	Медбике
4	Ас мәзірін жазғанда тамақтың әртүрлі әрі, құнарлы болуын қадағалау.	үнемі	Медбике
5	Балабақшада таңертенгілік дене жаттығуларын қадағалау.	үнемі	Медбике
6	Балабақшадағы серуендер, саяхаттар, іс-шаралар, суда жүзу, қайшымен жұмыс, табиғи материалдармен жұмыс, қол еңбегі кезінде ережелер сақталуын қадағалау.	үнемі	Медбике
7	Салмағы көп, аз, сондай-ақ денсаулығы жоқ балалармен денсаулығын нығайту жұмыстарын жүргізу.	үнемі	Медбике
8	Қызметкерлермен, ата-аналармен санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу.	ай сайын	Медбике
9	Әр тоқсанда учаскелік балалар дәрігерімен бірге балалардың денсаулығын тексеруден өткізу.	тоқсан сайын	Медбике
10	Ауладағы ойын құралдарының қауіпсіздігін, балалар ойнайтын құмның тазалығын тексеріп, қадағалап отыру.	үнемі	
11	Әр тоқсанда учаскелік балалар дәрігерімен бірге балалардың денсаулығын тексеруден өткізу.	тоқсан сайын	
12	Ауладағы ойын құралдарының қауіпсіздігін, балалар ойнайтын құмның тазалығын тексеріп, қадағалап отыру.	үнемі	

2.13 Қауіпсіздік мектебі

p/c	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<p>Педагогтармен:</p> <p>Нормативтік құжаттарды оқу «Қ.Р.Еңбек Кодексі» «Мектепке дейінгі мекемеде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау» нұсқауы.</p> <p>Ұйымдастыру жұмысы:</p> <p>-қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайын жасау -балалар үшін қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдай жасау.</p> <p>Қызметкерлермен жұмыс:</p> <p>-оқыту мен нұсқау беру -жұмыс орнындағы нұсқау -кеңес беру -әдістемелік ұсыныстар беру -жарақат алудың алдын алу - «зақымданушыға алғашқы көмек көрсету тәсілдері» тәжірибелік сабақ.</p> <p>Балалармен жұмыс:</p> <p>Балалармен жұмыс істеуге қауіпті жағдайлар бойынша нұсқау беру:»Біздің үйде», «Таблеткалар мен кәмпиттер», «Көшенің арғы бетіне өтейік», «Пышақ ойыншық емес». Ойын:»Менің досым бағдаршам», «Менің қауіпсіздігім».</p> <p>Тәрбиеленушілерді жыл мезгілдеріне сай өмірі мен қауіпсіздігін сақтау үйрету:</p> <p>-серуендеу алдында балаларды әйнек, шеге, сымдардан сақтануға -ауызға гүл, саңырауқұлақтар мен өсімдіктерді салмауға --ағаштарға өрмелемеуге, ойын кезінде құмды шашпау, тәрбиешіден бөлек алысқа кетпеу -қарды ауызға салмау, қолғаппен ұстау, шатырға жақын жүрмеу, тәрбиешінің рұқсатымен сырғанау. -ит пен мысықты қолмен ұстамау -шомылу кезінде ережені сақтау -қол еңбегі кезінде қайшымен, инемен ұқыпты жұмыс істеу, желімді ауызға салмау -электр құралын өз бетінше қоспау -жолда жүру ережесін сақтау</p>	<p><i>IX</i></p> <p><i>IX</i></p> <p><i>X</i></p> <p><i>XI</i></p> <p><i>XII</i></p> <p><i>II</i></p> <p><i>III</i></p> <p>Жыл мезгіліне сай</p> <p><i>V</i></p> <p><i>VIII</i></p> <p><i>XII</i></p> <p><i>I</i></p> <p><i>VIII</i></p> <p>үнемі</p> <p>үнемі</p> <p><i>V</i></p>	<p>Меңгеруші</p> <p>Меңгеруші</p> <p>Медбие</p> <p>Медбике</p> <p>Тәрбиешілер</p> <p>Медбике</p> <p>Тәрбиешілер</p>

2.14 Шығармашылық жұмыс тақырыптары

р/с	Мазмұны	Педагогтың аты – жөні
1	Мейірімділікті табиғаттан үйренейік.	Н.Сейдахметова
2	Табиғат ортасы	А.Тотаева
3	Балалармен гүлдер әлеміне саяхат	А.Уркинбаева
4	Балалардың сөздік қорын ойындар арқылы молайту	Ю.Миктибекова
5	Балалардың сенсорлық тәжірибесін байыту және қалыптастыру.	М.Алмаханова
6	Балаларға түрліше жаттығулар жасатып, гимнастикалық ойындар мен спортты меңгеруге үйрету.	А.Темір
7	Ағылшын тілінде балалардың ой саналары мен қабілеттерін дамыту. Драманы ағылшын тілінде сахналастыра білуге баулу.	Н.Сейдахметова
8	Балалардың ментальды арифметикалық дағдыларын қалыптастыра отырып, есеп шотты пайдаланып есептерды ойша шығара білуге, игеруге үйрету	А.Тотаева
9		

2.15 Жас мамандармен жұмыс жоспары

р/с	Іс шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Жас мамандарға тәлімгер педагогтар белгілеу.	VIII	Меңгеруші
2	Жас мамандарға оқу тәрбие үдерісін жоспарлау жөнінде кеңес беру.	IX	Меңгеруші
3	Жас мамандарды тәлімгер педагогтар сабақтарына ендіру.	X	Меңгеруші
4	Жас мамандарға балалардың өмірін ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау жолдарын үйрету.	XI	Меңгеруші
5	Жас мамандарға қысқа және ұзақ мерзімді тақырыпты жобалар түзуді үйрету.	XII	Меңгеруші
6	Балалардың танымын дамытуда түрлі ойындар маңызын , мақсатын тиімді етіп алуда кеңес беру.	I	Меңгеруші
7	Балалармен , ата-аналармен педагогикалық қарым-қатынас орнатуда кеңес беру.	II	Меңгеруші
8	Құқықтық білім алуын, біліктілігін арттыруына ұсыныс беру.	III	Меңгеруші

2.16 Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер

p/c	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Таным. Математика. «1-ден 5-ке дейін санау» Ересек -«Балдырған» тобы	I X	Н.Сейдахметова
2	Әлеумет.Қоршаған ортамен таныстыру«Жабайы жануарлар» Ортаңғы – «Балбөбек» тобы	X	А.Тотаева
3	Денсаулық. «Көңілді спорт» II-кіші топ.	XI	А.Уркинбаева
4	Таным. Қоршаған ортамен таныстыру.«Ертегілер әлеміне саяхат» Ересек -«Балдырған» тобы	I	Ю.Миктибекова
5	Таным.Экология негіздері «Өсімдіктер әлемі» Ересек – «Балдырған» тобы	II	Н.Сейдахметова
6	Таным.Математика. «Заттарды кеңістікте бағдарлау» Ортаңғы топ– «Балбөбек» тобы	IV	А.Тотаева
7	Коммуникация. Ағылшын тілі. « Менің отбасым» Ортаңғы– «Балбөбек» тобы	V	А.Уркинбаева

3. Балалармен жұмыс

3.1.Ертеңгіліктер

р/с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Білім күні	IX	Тәрбиешілер
2	Конституция күні	X	Тәрбиешілер
3	Алтын күз мерекесі	XI	Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер
4	Тәуелсіздік күні	XII	Тәрбиешілер
5	Жаңа жылдық шырша мерекесі	XII	Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер
6	8-Наурыз аналар мерекесі	III	Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер
7	Наурыз – жыл басы мерекесі	III	Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер
8	Туылған күндер	2-айда 1рет	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер
9	Денсаулық мерекесі	IV	Тәрбиешілер
10	Ғарышкерлер күні	IV	Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер
11	Құстар күні	V	Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер
12	Жеңіс күні	V	Музыка пәнінің мұғалімі Тәрбиешілер
13	1- Маусым Балаларды қорғау күні	VI	
14	Жарқын жаз	VII	

3.2 Серуендер

p/c	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепке	IX	Ересек топ тәрбиешісі
2	Мақта даласына	X	Ересек топ тәрбиешісі
3	Емханаға	X	Ересек топ тәрбиешісі
4	Стадионға	XI	Ортаңғы топ тәрбиешісі
5	Мешітке	III	Ересек топ тәрбиешісі
6	Дәріханаға	IV	Ересек топ тәрбиешісі
7	Дүкенге	XII	Ересек топ тәрбиешісі
8	Қала көшелеріне (жаз,күз,қыс,көктем)	Жыл мезгілдеріне сай	Ортаңғы, II- кіші топ тәрбиешісі
9	«Жеңіс» саябағына саяхат	III	II- кіші топ тәрбиешісі

3.3 Жазғы сауықтыру іс- шаралар жоспары

р/с	Іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	<p>Балалармен оқу тәрбие үдерісін ұйымдастыру</p> <p>а) Балабақшаны жазғы маусым жұмыс кестесіне ауыстыру.</p> <p>ә) Жазғы сабақ кестесін бекіту.</p> <p>б) Жазғы сауықтыру іс шаралары кезіндегі қызметкерлердің негізгі міндеттерін белгілеу.</p>	V	Менгеруші
2	<p>Балаларды шынықтыру</p> <p>а) Ауа және күн ваннасын қабылдау.</p> <p>ә) Жалаң аяқ құм үстінде жүру.</p> <p>б) Бассейнде шомылу.</p> <p>в) Қимылды ойындар.</p>	VI VII	Тәрбиешілер Медбике
3	<p>Балаларды еңбекке баулу</p> <p>а) Ауладағы гүлдерді күтіп баптау, топтағы бөлме гүлдеріне су құю, күтім жасау.</p> <p>ә) Табиғат бұрышындағы құстарға, балықтарға, жем беру.</p> <p>б) Топтағы ойыншықтарды жуып, күтіп ұстау, кезекшілік етуге үйрету.</p> <p>в) аулада, топта тазалық сақтау.</p>	VII	Тәрбиешілер Тәрбиешілер Тәрбиешілер Тәрбиешілер
4	<p>Мерекелер</p> <p>а) Спорттық мерекелер.</p> <p>ә) 1-Маусым Балаларды қорғау күніне ертегілер, ойын-сауықтар, мерекелік концерттік бағдарламалар ұйымдастыру.</p> <p>б) Сәлем жаз мерекесі.</p> <p>в) туылған күндер.</p>	VII VI VIII	Тәрбиешілер Медбике

4. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару

р/с	Мазмұны	Бақылау түрі	Топ	Мерзімі	Жауапты	Қорытынды
1	Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы	Шолу	Барлық топ	VIII	Меңгеруші	МЖК
2	Математикалық ұғымдар. Заттардың санын, ретін, көлемін, пішінін ажырата білуге үйрету, жоспарлау	Салыстырмалы	Ересектер тобы	X	Меңгеруші	МЖК
3	Табиғаттағы серуен тақырыбының жыл мезгілдері құбылыстарымен байланысы және жас ерекшелігіне сай жабдықталуы, жоспарлануы	Тақырыпты	Ортаңғы, II-кіші топ	XII	Меңгеруші	МЖК
4	Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы.	Тақырыпты	Ересектер тобы	II	Меңгеруші	МЖК
5	Балалардың өзі және отбасы туралы білімдерін жетілдіру жұмыстарын жоспарлау	Салыстырмалы	Ересектер тобы	IV	Меңгеруші	МЖК